«АРАЛ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ»КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «АРАЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «АРАЛЬСКИЙ РАЙОННЫЙ ДОМ КУЛЬТУРЫ»КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ АРАЛЬСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«19» ақпан 20 26 ж./г. № 33

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағының 4,5,6 тармақшаларына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506,507,508 және 509 тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Арал аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында 2026 жылы Ұлыстың ұлы күніне орай 14-23 наурыз аралығында жалпыұлттық «Наурызнама» онкүндігіне арналған мәдени іс шараларға, сахналық қойылымдарға алынатын қажетті тауарларды,жұмыстарды,қызметтерді сатып алу үшін 16-баптың 3.тармағының 32) тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман менеджер (мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маман) Абдраманова Айгерим Берикбаевна:

-Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 4-бабының 1)тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

-өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3.Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Арал аудандық мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директоры міндетін уақытша атқарушы **Б.Канатбаева**

000033